

Жәнібек ауданы әкімінің 2022 жылғы 23 тамыздағы № 5 "Жәнібек ауданының Жәнібек ауылдық округі аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімінің 2023 жылғы 8 ақпандағы № 2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 наурызда № 7122-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес және Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының төтенше жағдайларының алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының 2023 жылғы 13 қаңтардағы №1 хаттамасы негізінде, Жәнібек ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Жәнібек ауданы әкімінің 2022 жылғы 23 тамыздағы №5 "Жәнібек ауданының Жәнібек ауылдық округі аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде №29306 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жәнібек ауданының әкімі

А. Сафималиев